



С. АМАНЖОЛОВ АТЫНДАҒЫ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ

МАГИСТРАНТТЫҢ АНЫҚТАМА – ЖОЛ КӨРСЕТКІШІ

Алғы сөз

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев кәсіптік білім беру саласында ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлаудың сапасын арттыру бағытын жетекші басым бағыт ретінде анықтады. Осы міндеттердің шешімімен магистратура айналысады.

Магистранттар – бұл студенттік аудиторияның элитасы, ерекше санаты жас адамдар, олар қауырт ғылыми еңбекке, өзін-өзі жетілдіруге, өз бетінше шығармашылық ізденіс жасауға дайын. Бұл егемен Қазақстан үшін жоғары интеллектуалдық жаңа ұрпақ-мамандарды қалыптастыруға болатын ерекше ауқымды материал.

Магистратурада оқу бірегей оқу-әдістемелік әлеуеті мен жаңа білім беру технологиялары негізінде түлектердің мансаптық өсуін ұштастырып және С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінің магистрлік дипломының жоғары әлеуметтік мәртебесіне сенімді негізді қамтамасыз етеді.

Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті Қазақстан Республикасында бірінші болып магистранттарды даярлауды жүзеге асырды (Қазақстан Республикасы білім Министрлігінің 15.07.94 ж. № 283 бұйрығы).

1994 жылы "Орыс тілі және әдебиеті", "Қазақстан Тарихы", «Шет елдер тарихы» бағыттары бойынша экспериментті магистратура ашылды.

1996 жылдың 1 қыркүйегінен бастап ҚР білім және ғылым Министрлігінің бұйрығы негізінде (1996 жылғы 29 тамыздағы № 279) мамандықтар бойынша дайындау басталып, жаңадан "Химия", "География", "Биология" мамандықтары ашылды.

Университет магистратурасында оқыту мемлекеттік бюджет, сондай-ақ келісімшарттық негізде жүзеге асырылады. Магистрлерді дайындау университеттің 17 кафедрасында жүргізіледі.

Магистратураның барлық мамандықтары жоғары білікті оқытушы кадрларымен қамтамасыз етілген. Магистранттардың ғылыми магистрлік

диссертацияларына жетекшілікті "Профессор", "Доцент" ғылыми атақтары бар ғылым кандидаттары мен докторлар жүзеге асырады.

Магистратураның материалдық базасының негізін физикалық, химиялық, экологиялық зертханалар, компьютерлік сыныптар, аудио және бейне аппаратуралар, университеттің кітапханалық қоры құрайды, сондай-ақ, коммуникациялық технологияларды (e-mail, Internet) пайдалану мүмкіндігі жоғары ақпараттық технологиялар Орталығы бар. Басқа қалалардан келген магистранттар университет жатақханаларындағы орынмен қамтамасыз етіледі.

Жыл сайын Университетте жас ғалымдар мен магистранттар ғылыми конференциясы ұйымдастырылады, конференция кезінде магистранттардың өз ғылыми зерттеулерінің нәтижелерін жариялауға мүмкіндіктері бар.

Еңбек нарығында магистрлерге сұраныстың жоғары болуынан және бір магистрант шығындарының ұлғаюын ескере отырып, университет 2005-2006 оқу жылында заңтану, экономика, педагогика және психология, психология, қазақ филологиясы және тарих мамандары үшін бір жылдық бейінді магистратура ашты.

2002-2003 оқу жылынан бастап ЖОО-на өздігінен білім алу деңгейін және даралау, білімді шығармашылықпен игеру негізінде, таңдау білім беру траекториясы шеңберінде қатаң регламенттеу, оқу процесін есепке алу және білім көлемін кредит түрінде кредиттік технология енгізілген.

Магистратурада білім беру кредиттік технология негізінде жүргізіледі. Кредиттік технологияны енгізе отырып, біз магистрант оқу барысында таңдау арқылы өзінің жеке оқу траекториясы қалыптастырып, білім беру процесін жүзеге асыра аламыз, және магистрлер дипломдарының халықаралық білім қоғамдастығында және еңбек нарығында бәсекеге қабілеттілігіне жағдай жасаймыз.

Бүгінгі таңда университеттің 30 мамандық бойынша магистрлер дайындауға лицензиясы бар.

Кредиттік оқыту жүйесі

Кредиттік жүйені енгізу Болон процесінің принциптеріне сәйкес жоғары кәсіби білім беру жүйесінің реформалаудың негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Болон келісімі 2010 жылға дейін бірыңғай еуропалық білім беру жүйесіне қол жеткізу үшін басты мақсат – бір біріне танылатын біліктілік стандарттарын қабылдау қажеттігі туралы нақты міндеттер қояды.

С.Аманжолов атындағы ШҚМУ магистратурасы кредиттік технологияны енгізудің бастапқы қалыптасу кезеңі өтті. ҚР БҒМ қабылданған ережелеріне сәйкес "кредит" – магистранттың оқу жұмысы көлемінің біріздендірілген өлшем бірлігі. Бір кредит академиялық мерзім (семестр) кезінде магистранттың бір аптадағы аудиториялық жұмысының 1 академиялық сағатына тең; аудиториялық жұмыстың әрбір академиялық сағаты бейіндік магистратурадағы магистранттың 3 сағат өзіндік жұмысымен


және ғылыми және педагогикалық магистратурадағы магистранттың 4 сағат өзіндік жұмысымен бірге жүргізіледі.

Ережелер мен мемлекеттік стандарт талаптары негізінде бір семестрдегі жұмыс аптасын оңтайлы пайдалануға бағытталған білім беру траекториясын сипаттайтын нақты ақпараттардан тұратын оқу жоспарлары әзірленді.

Магистратурада білім алушылардың білімін есепке алу, бақылау және басқару туралы ережеге сәйкес әрбір пән кредиттер бойынша жүзеге асырылады және 4 балдық шкала бойынша бағаланады: «өте жақсы», «жақсы», «қанағаттанарлық», «қанағаттанарлықсыз».

Кредиттерді академиялық бағалау жүйесінде екі индикатордың айырмашылығына және жеке белгілерге ерекше назар аудару қажет. Біріншісі орындалған жұмыстың көлемін көрсетеді, ал екіншісі алынған білім сапасы мен дағдыларды, демек, өзара байланысы жоқ нақты қызметтер түрі бойынша кредит пен магистранттың білімін бағалау арасындағы байланысты. Кредит саны нақты бір пәннің күрделілігіне және еңбек сыйымдылығына тәуелсіз. Алайда, магистранттың сол пәнге бөлінген кредит санын меңгеруі үшін ол бірінші кезекте көзделген барлық бақылау түрлерінен баға алуға тиіс, яғни кредит магистрант орындаған жұмыстың өлшем бірлігі және дәрістерді тыңдауды, семинарлық сабақтарды, зертханалық сабақтарды, өзіндік жұмысты қамтиды.

Пән бойынша барлық еңбек шығындары мен кредит алу 1-сызбанұсқада көрсетілген.



СЕМЕСТРЛІК ЕҢБЕК ШЫҒЫНДАРЫ:

- Лекциялар
- Семинарлық сабақтар
- Практикалық және зертханалық сабақтар
- МӨЖ дайындалу және тапсыру

АРАЛЫҚ ЕҢБЕК ШЫҒЫНДАРЫ:

- Пән бойынша қорытынды емтихан
- Топтық жобаларды қорғау
- Кәсіпкерлік жобаларды қорғау
- Жобаның тұсаукесері

Семестрлік және аралық еңбек шығындарының нәтижелері бойынша, магистрант кредитты алады немесе алмайды. Сараланған еңбек шығынын бағалау әлемдік тәжірибеде қабылданған критерийлер шкаласы бойынша әріптік және сандық белгілермен жүзеге асырылады.

БАҒАЛАУДЫҢ СӘЙКЕСТІГІ КЕСТЕСІ

БАҒА			
Дәстүрлі	Әріптік	Сандық	
		%-бен	балл
Өте жақсы	A	95-100	4,0
	A -	90-94	3,67
Жақсы	B ⁺	85-89	3,33
	B	80-84	3,0
	B -	75-79	2,67
Қанағаттанарлық	C ⁺	70-74	2,33
	C	65-69	2,0
	C -	60-64	1,67
	D ⁺	55-59	1,33
	D	50-54	1,0
Қанағаттанарлықсыз	F	0-49	0

Бұл кесте еуропалық ECTS (European Credit Transfer System) және т. б. кредит жүйесіне негізделген сынақтық ауыстыруды іске асыру механизмін көрсетеді.

Магистранттың қазақстандық білім беру бағдарламаларынан басқа да халықаралық ЖОО-да қабылданған бағдарламаларға ауысуы кезінде және керісінше жағдайда бағалау жоғарыда келтірілген кестеге сәйкес ауыстырылады. Сынақ бірліктерінің жалпы саны аудиториялық сағат және МӨЖ 50 % құралады (кредиттік технология бойынша өзіндік жұмысқа 2/3 сағат бөлінеді, орындалуын бақылау білімді бағалаудың әрбір кезеңінде қарастырылуы тиіс).

МОДУЛЬДЕР

Мамандықтың барлық оқу пәндері блоктарға біріктірілген, бұл блоктар МОДУЛЬДЕР деп аталады. Әр модуль мағынасы мен уақыты бойынша аяқталған. Модульдер:

білім алушыларға қатысу міндетті сабақтарды;

осы сабақтар материалдары бойынша білім алушылардың өзіндік жұмыстарын;

қол жеткізілуі тиіс күтілетін нәтижелер мен құзыреттіліктерді қамтиды.

Модульдер әр түрлі болады:

Жалпы білім беру модульдері – бұл дайындау бағытын анықтамайтын жалпы білім беретін пәндер;

Жалпыға міндетті модульдер – ғылым негіздері бойынша базалық пәндер циклдары;

Мамандық бойынша міндетті модульдер – кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған базалық және бейіндеуші пәндер циклдары;

Таңдау бойынша модульдер – мамандықтың шеңберінде жеке бағыттауға және құзыреттілігін қалыптастыруға негізделген немесе қосымша құзыреттіліктері бар (мысалы, тілдер) пәндер;

Сондай-ақ іс-тәжірибелер, мемлекеттік аттестаттау және қосымша оқыту модульдері.

Назар аударыңыз, кредиттерді алу шарты бойынша барлық емтихандардан және басқа да жұмыс түрлерінен оң баға болуы тиіс. Егер модуль бойынша құрам компоненттерінің емтихандарынан қанағаттанарлықсыз баға алған жағдайда (50%-дан аз) модуль бойынша кредиттер есепке алынбайды.